

«Ана – өмірдің шуағы»



СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІ: ТОРБАЕВА А.
СЫНЫБЫ: 9В СЫНЫП
ІС-ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТУШІ: НАХАНОВ Ә.

«Ана- әрбір отбасындағы бірінші сөз»



Кез келген адамның әдептілігі мен жандүниесінің сұлулығы ең алдымен балаға ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген ана жүрегінің жылуынан басталады. Бала бойындағы ең жақсы қасиеттер де ең алдымен анадан тарайды. Әлемдегі ең кешірімді, ең мейірімді жан – ана.



Ана – жүрек, жүректі күдіретте!



Ана баласы қандай қателік жасаса да кешіреді. Оның мейірімділігінде шек жоқ. Ана болу - бүкіл өміріне кететін рухани күш пен ерен еңбек. Өз баласын бағып-қағуда ана өзін-өзі ұмытып, барлық күш-жігерін перзентіне жұмсайды, ол арқылы оның жаны нұрлана, нәрлене түседі.

Ана – тірек, тіректі құрметте!



Ал баланың анаға деген махаббаты жеткіліксіз. Оны барынша құрмет тұтып, қастерлеу әрбір баланың борышы. Ана махаббатын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Ананың мейірімі жан-жағына өз шуағын төгеді. Осы шуақпен жылынып, асыл ананың құшағында мейірім алып жүрген барша адамзат аналарды мәңгі ардақтап, аялай білсе, бұдан асқан бақыт жоқ шығар.



Ана туралы жыр



Анам менің – аялаған ақ гүлім

Анам менің – бақытым мен шаттығым

“Анашым” – деп балаң жырын арнаған

Неге ғана естімеген тәтті үнін

Анам менің – өмірдегі тірегім

Анам менің – кеудемдегі жүрегім

Егер менің қасымда сен болмасаң

Бұл өмірде қалай ғана жүремін



**Назарларыңызға
рақмет!!!**